

Кемеңгер Абай атамыз Құран Кәрім аяттарынан сусындай отырып:

Дүние де өзі, мал да өзі,

Ғылымға көңіл бөлсеңіз.

Білгендердің сөзіне,

Махаббатпен ерсеңіз, - деп Құран Кәрімді негізге ала отырып ғылым-білімге қызықтырып бағады. [5]

25-қара сөзінде: « Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең-оқыт, мал аяма!»деу арқылы адамның адам болуы үшін ең әуелі білімнің маңызды екенін меңзейді.

Ұлы ақын 32-қара сөзінде: « ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа бола үйренбе, азырақ бахас көңліңді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады. Оның себебі әрбір бахасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана бахас қылмайды, жеңбек үшін бахас қылады. Ондай бахас хасудшілікті зорайтады, адамшылықты зорайтпайды. Бәлкім азайтады. Және мақсаты ғылымдағы мақсат болмайды, адамды шатастырып, жалған сөзге жеңдірмекші болады. Мұндай қиял өзі де бұзықтарда болады. Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні дүзеткен садаға кетсін!»дейді. [6]

Бұрынғы заманда өмір сүрген ойшыл, ғалымдардың да білім туралы айтып кеткен ұлағатты сөздері көп. Мәулананың «Білім, шетсіз- шексіз мұхит. Білімге ұмтылыс мұхитқа сүңгігенмен бірдей.», Абдуллаһ ибн Омардың «Адамның бойында мына қасиеттер болмайынша, ол шынайы ғалым бола алмайды: Өзінен білімі мол адамды күндемейді, өзінен төменгілерді кемсітпейді. Ілімін дүниелік пайда үшін сатпайды», Абай атамыздың: «Оқусыз – білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деп, әрбір нәрсенің негізі оқумен басталады деген сөздеріне терең ойланғанға айтары мол.

Атамыз қазақтың сан ғасырлыр бойы келе жатқан, сөз мәйегі атанған мақал-мәтелдерін айтпай кету мүмкін емес. Мысалы: «Үйрене білген үйрете біледі.Білікті бірді ,білімді мыңды жығады. Білімді өлсе, қағазда аты қалар,Ұста өлсе,істеген заты қалар.» деген сөздер бекер айтылмаса керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Иман журналы. № 10, 2010

2. Ислам мәдениеті, М. Ф. Рифаъи. - Алматы, 2007

3. Хақ дини Қуран дили, Элмалылы Хамди Языр, «Ғалак» сүресі 1-5 аят

4. Әл-Бұхари, Сахих әл-Бұхари. - Алматы, 2005

5. Иман журналы. № 4, 2007

6. Абай. Қара сөздер. - Алматы: «Мектеп», 2007

## **БІЛІМ – МӘДЕНИЕТТІ ДАМЫТУДЫҢ ӨЗЕГІ РЕТІНДЕ**

**Ермағанбетова Қ.С.**

*Астана қ., Қазақстан*

Қазақстан қазіргі тұрақсыз мүдделер мен күштердің әлемдік балансында, мәдени және өркениеттік принциптерге сәйкес өзгеріп тұратын жаңа әлемдік тәртіпте өз орнын іздеуде. Еліміздің мәртебесі, басқа елдердің де мәртебесі сияқты мәдени жүйе параметрлерінің сапасына байланысты болады.

Тәуелсіздік туының желбірегеніне жиырма жыл толған жас еліміз қоғамдық сананы өзгерту үшін, мәдени мұра мен мәдени құндылықтарды қайта жаңғырту, атадан балаға таралу механизмін қайта қалыптастыру үшін көптеген іс-шараларды жүзеге асыруда.

Қай елді алсақ та, барлық мемлекеттің мақсаты гүлденген өркениетті елдердің қатарына қосылу үшін адамзат әлеуетін дамытуды көздейді. Елдің, қоғамның, адамзаттың әлеуетін дамытудың бірден-бір көзі мәдениетті жетілдіру. Мәдениетті дамыту мен жетілдірудің бір міндеті білім мен ғылымды дамыту болып табылады. Мәдениет адамзатты дамытудың негізін құраса, білім – адамзат әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың интегралды бөлігі болып саналады.

Білім бірегей қоғамдық құбылыс балып саналады. Білімнің бірегей ерекшелігі барлық адамзаттың әлеуметтік, мәдени, ғылыми прогресстерге қызмет етуі. «Білім» феноменінің ортасында адам тұр. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, өмір екпінінің өсуі, уақыттың жылдам өтуі, қарама-қайшылықтардың өсуі қазіргі адамға ерекше талаптар қояды. Адам өзі өмір сүріп отырған ортасының заңдарына бағынады және бағынуы керек. Әсіресе ол өз өмірімен қатар, өзі өмір сүріп отырған ортаны, табиғатты, әлеуметтік әлемді жақсартуға ұмтылуы керек.

«Білім» ұғымының дәлме-дәл мағынасы ғылымның, мәдениеттің, өнегеліктің құндылықтарын игерумен байланысты бейне мен үлгіні қалыптастыру. Адам өзінің білімділігімен, саналылығымен әлемді өзгерте алады. Білімді жүзеге асырудың шарты адамның өз таңдауын іске асыруға қызмет етуі.

Білімді кең контексте түсіну бір мағыналы емес, оның құрылымы мәденилікте көрініс табады және оның құрамына білім онтологиясы, білім логикасы мен әдістемесі, білім аксиологиясы мен этикасы кіреді. Білім беру процесінде «қоғамдағы адамның ұдайы өсіп-өнуі және мәдениеттің жаңғыруы» мәдени іс-шаралары жүзеге асырылады [1, 20].

Білім әлеуметтік құбылыс ретінде, ең алдымен, ол – объективтік қоғамдық құндылық. Кез келген қоғамның адамгершілік, зиялылық, ғылыми-техникалық, рухани-мәдени және әлеуметтік әлеуеті білім беру саласының даму деңгейіне тікелей байланысты. Алайда ол өз кезегінде сол әлеуметтік қызметтерді жүзеге асыратын қоғамның тарихи ерекшелігіне қатысты.

Қазіргі әлемде білім беру – білімді адам дамуының негізгі факторы деп есептеледі, ал адамзат әлеуетінің дамуы ол мәдениеттің өсуінің себебі болып табылады. Қоғамымыздың ішкі даму ерекшеліктеріне сәйкес және білім дамуының отандық сондай-ақ әлемдік тәжірибесін ескере отырып, осы негіздерде Қазақстанда да білім жүйесі әлемдік жаһандану үрдісінде бәсекелестікке қабілетті, бейбіт және тұрақты даму жолының қамтамасыз етілуі үшін, адам капиталының жаңа сапада дайындалуы үшін ең пәрменді, әрі ең сенімді құрал ретінде танылып, дамытылуы жан-жақты қарастырылып, жүзеге асуда. Бұл «Білім туралы» ҚР Заңында (2007 ж.) білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері ретінде танылған: «...әрбір адамның зияткерлік дамуы; білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы...»[2].

Аталған Заңда еліміздің білім жүйесінің міндеттері нақты тұжырымдалып көрсетілген:

1) ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру;

6) еліміздің жастарын өз елінің саясаты мен мәдениетін дамытуға бағытталған білім мен тәжірибелік алмасу үшін шет елдеріне оқуға жіберу [2].

Білім ол тек қана сыртқы норматив емес, ол игеруге қажетті білімдер жиынтығы, сонымен қатар ұдайы өсіп-өніп тұратын ішкі үздіксіз процесс. Білім адамның белгілі бір мәдени, әлеуметтік, саяси институттармен қатынасы ғана емес, сонымен қатар әрбір адамның өз бетімен білім алуы, оны игеруі болып табылады. Жеке адамның білімі адамның тікелей мәдениетпен қатынасуы арқылы қалыптасады. Мәдениет ұғымы көп қыры, көп мағыналы. Күнделікті өмірде мәдениет құндылықтар жиынтығымен, этикалық-эстетикалық анықтамалармен, гуманистік позициямен түсіндіріледі. Әдебиеттерде мәдениетке берілген 500-ден астам анықтамалар оның мәнмәтінділігін, полижүйелілігін, көп деңгейлілігін және қоғам өмірі үшін маңыздылығын көрсетеді. Мәдениет «биологиялықты мұра етпейді, ол білім алу мен игеруді топшалайды», «символикалық форада өмір сүретін және тасымалданатын идеялармен тікелей байланысты» [3, 47]

Э. Орлова бойынша «мәдениет адаммен жасалатын құбылыс», құнды білімді, нормалар жиынтығын, қазіргі өмір мен адамзат іс-әрекетінің символық аспектісі ретінде, адамның қоршаған ортаға бейімделу технологиясы ретінде, әлеуметтік маңызды ақпараттарды тасымалдау тәсілі ретінде, қоғамдағы коммуникативтік жүйе ретінде қарастырылады. [4, 14]. Ал Б.Малиновский әлеуметтік мәдени құбылыстарды мәдениеттің қызметтері арқылы түсіндіріп берген.

Мәдениетті «жалпы» мәдениет ретінде ғана қарастыруға болмайды. Мәдениетті әрқашан компоненттерімен, артефактарымен, құндылықтарымен, қоғамдағы көріністерімен түсінеміз және түсіндіреміз. Әлеуметтік мәдени институт ретіндегі білімнің негізгі мәселесі мәдениеттің мазмұны мен адекватты қызметін анықтау болып саналады. Білім берудің негізгі формалары жобалық жұмыстарда мұғалімнің оқушымен, оқытушының студентпен қатынасы және шығармашылық іс-әрекет. Осындай қарым-қатынастың, бірлестіктің арқасында бала дәстүрлі мәдениеттің нормаларын, жаңа мәдени үлгілерді қабылдайды, индивидуалды мәдени мүдделерді дамытады. [5, 18].

Адамзаттың мәдени қалыптасу тарихында жеке тұлғалар мен адамдар арасындағы қатынасты, қарым-қатынастың әртүрлі формаларын қалыптастыруда тәрбиелік және білім беру мекемелері маңызды орын алады. Білім мен мәдениеттің өзара байланысын арттыру принциптері туралы қазіргі кезде әртүрлі теориялар ұсынылған. Мысалы, ұлы этнограф М.Мид постфигуративті, кофигуративті және префигуративті мәдениеттерді, ресейлік психолог А.Г. Асмолов «қажеттілік мәдениеті» және «адамгершілік мәдениеті» теориясын, А.Б. Орлова «ересектер әлемі» және «балалар әлемі» қатынасына негізделген гуманистік білім теориясын ұсынады.[6].

Қазақстан Республикасының мәдени тәжірибесінде жоғарыда көрсетілген мәдениет теориялары кездеседі. Бұл жеке индивид өзіндік дамуын және ерекше мәдени контекстің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде әрбір адамның білім алу мүмкіндігі жоғары. Өркениеттің дамуы мен сақталуы мәдениет пен білімнің дамуына, адамның қалыптасуын ойлаумен, өнегелілікпен, ұлттық мәдени дәстүрмен, әлеуметтік мәдени тәжірибемен ұштастыратын жаңа мәдени парадигмаларға байланысты. Білім – ол дайын білімді алу ғана емес, ол ізденіс, саяхат жасау, жаңалық ашу, жеке және ұжымдық ізденіс. Білімді игеру – адамның зерттелетін әлеммен шынайы, тікелей қарым-қатынасы.

Жас Қазақстан өзінің мәдени гүлдену сатысында позитивті әлеуметтік мәдени динамиканы болжауы тиіс, ғылым ресурстарын тиімді пайдалануы керек, білім беру әлеуметіне ерекше көңіл бөлуі тиіс. Себебі білімді адам мәдениетті дамыта алады, жоғарғы сатыдағы өркениетті елдер қатаына өз елін көтере алады. Сондықтан мемлекет мәдениет пен білімді жетілдіруге үлкен көңіл бөлуі керек.

Мәдениет қоғамды модернизациялаудың және болып жатқан өзгерістерге адамдарды бейімдейтін шынайы фактор. Ал білім мәдениетті дамытудың өзегі болып саналады.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1.Розанов Н.С. Методологические принципы ценностного прогнозирования//Социально-философские проблемы образования. М., 1992
2. Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы // Егемен Қазақстан №254-256 (24829) 15 тамыз 2007
3. Ионин Л.Г. Социология культуры. М., 1996
4. Орлова Э.Л. Динамика культуры и целеполагающая активность человека//Морфология культуры. Структура и динамика. М., 1994
5. Крылова Н.Б. Культурология образования. М., 2000
6. Бейсенова Г.А. Образование-человек-культура//Адам әлемі. №4, 2001

## **ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ЖАҢА ДІНШІЛДІК ФЕНОМЕНІ**

**Сайлаубек қызы А.**

*Астана қ., Қазақстан*

Әлемдік өркениеттер аясында көп ұлтты және көп дінді қазақстандық қоғамда дәстүрлі емес діндердің таралуы мен қызметіне орай туындаған қатерлі үрдіс объективті ғылыми зерттеуді талап етеді. Қазақстан қоғамының тұрақты да-